

# БІЛІМ БЕРУ ИННОВАЦИЯЛАРЫ: ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР

**Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев:**  
«Ел байлығы деген не?» Ол – білім, ол – жаңа технология,  
ол – бәрінен бұрын отаншылдық сезім», - деген болатын.

**Ортақ миссия, ортақ құндылықтар, ортақ мақсат және айқын болжам – барлық қызметкерлерге жоғары «тах»-дық стандартқа қол жеткізіп, олардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту бағытында барынша қолдау көрсету арқылы табысты мектеп рейтингісін сақтап қалуға кепілдік береді.**

**Г**имназия басшылары мен педагогикалық ұжымының бір мақсатта, бір мүддеде ынтымақтаса жұмыс жасауының нәтижесінде гимназия әрдайым биік белестерден көрініп келеді. Атап айтар болсақ, 2009 жылы республикалық «Таңдаулы мектеп» байқауының лауреаты ретінде танылса, 2011 жылы «Алтын қыран» халықтық сапа белгісімен марапатталды. 2012 жылы «Халық таңдауы» байқауында «Білім беру қызметі» номинациясын иеленсе, 2013 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы ұйымдастырған «Үздік білім беру ұйымы» байқауының бас жүлдегері, 2015 жылы облыста «Табысты гимназия», 2018 жылы қала көлемінде «Үздік гимназия», 2019 жылы қала әкімінің тарапынан үздік мектептерге берілген 10 ноутбук пен 2020 жылы облыстық «Үздік инновациялық мектеп» деп танылып, арнайы жүлде ретінде берілген 1000000 теңге сертификат иеленді.

Оқушылардың оқу жетістігінің нәтижесін көрсетіп келген ҰБТ қорытындысы бойынша республиканың үздік 100 мектебінің қатарында. Жыл сайын гимназия түлектерінің 80-85 пайызы жоғары оқу орындарының грантын жеңіп алуының өзі – жоғары көрсеткіш. Қазіргі уақытқа дейін гимназияны 73 оқушы «Алтын белгімен», 125 оқушы

үздік аттестатпен аяқтап, гимназия ұстаздарының қажырлы еңбектерін дәлелдеп келеді. 2003 жылдан бері гимназияның 31 түлегіне «Болашақ» бағдарламасы бойынша дүниежүзінің дамыған 25 елінде білім алу мүмкіндігі бұйырса, жетеуі аталған бағдарламаның магистратурасында білімдерін жетілдірген. Халықаралық FLEX байқауы бойынша гимназияның дарынды оқушылары С. Ержігітова, А. Алтынханова, К. Улфухарова, М. Балабек, Н. Момбекова, К. Әзімбектердің АҚШ-та білім алып келуі – гимназиядағы үштілділік бойынша атқарылып отырған жұмыстардың жүйелілігінің, мақсаттың айқындығы мен ұстаздардың біліктілігінің дәлелі.

**Қазіргі ғаламдық ғылыми-технологиялық, ақпараттық прогресс адамдардың да ойлауын, санасын динамикалық тұрғыда дамытуда. Қоғамдық сұраныс пен мемлекеттік тапсырыс мектептерден күн сайын жаңа деңгейге сай өзгерісті талап етеді. Өткен күннің дағдыларымен, ескі көзқарастармен жаңа заман адамын тәрбиелеу мүмкін емес.**



Талапты жақсы түсінген білім ордасының педагогтері – білім беруші ролінде ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, оқу-танымдық, оқу-іздену, жоба әрекеттерін ұйымдастырушы.

Гимназияда ұжымдық дамуға басымдық берілген. Әрбір педагогті көшбасшы болуға, педагогтерді өзара тәлімгерлік жасауға, супервайзерлік қызмет көрсетуге бағыттайтын құрылым қалыптастырылған. Мен үшін ұжымдағы әрбір педагогтің күшті жағын басқалардың тануына жағдай жасау маңызды. Мұндай «тану» педагогтердің өзіне деген сенімін арттырады және өзара сенім пайда болады. Кімнен қандай көмек керек ала алатын, кімге қандай көмек көрсете алатынын білген педагог ізденіске, жаңалыққа ұмтылады. Ұжымдағы әр педагогтің жаңа жобаларды іске асырудағы белсенділігі мен идеяларына қуанамын. Адамның жеке қасиеттеріне сәйкес, бәрінен бірдей деңгейдегі нәтиже күтпейтінім шындық. Дегенмен, ұжым педагогтері икемді



Тәрбие жұмысында оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру үрдісі жалпы 3 бағытта жүзеге асырылды: арнайы пәндер арқылы, қосымша білім беру жүйесі және түрлі әлеуметтік жобалар арқылы.

Дамуға көш түзей отырып және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде жаһандық мәдениетті елдік мұратымызбен үндестіре отырып, ұлтжанды, отансүйгіш, білімді, сауатты ұрпақ тәрбиелеуді мақсат ету білім саласына келелі міндеттер атқаруды міндеттейді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында гимназияда «100 кітап», «Үздік мұғалім», «Үздік гимназист» және тағы да басқа 40 жоба жүзеге асырылуда және әрбір жобаның нәтижесі де қала, облыс көлеміндегі түрлі байқаулардан көрініп келеді. Мәселен, «100 кітап» жобасы аясында қалалық «Кітап оқып, миллионер бол!» байқауында гимназия оқушысы Қ. Әбдісейіт миллионер атанды.

«Ақылды ата-ана, шебер мұғалім, тәрбиелі орта, табысты бала», «Табысты үштік» жобалары бойынша ынтымақтаса жасалған іс-шаралар мектеп, ата-ана, оқушы «Үштік одағының» қарым-қатынасын нығайту, өзара тығыз байланыста жұмыс жасау, оқу барысы мен жұмыс жасау жүйесін басты назарда ұстау мақсатында «жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын» дәлелдей түсті.

құзыреттіліктерге ие. Ұжымға сенгеннен кейін мен директор ретінде ауқымды жобаларға сеніммен қадам басамын. Жаңа жобалар арқылы жалпылама сипаттамадан бас тартып, нақты жағдаятты бағалауға, үздіксіз бақылауға, жүйелі талдауға бет бұрды, қажетті қадам жасауды үйренді, бір әрекетке бірнеше көзқараспен қарауды дағдыға айналдырды.

Инноватор педагогтердің идеяларымен даму бағдарламасы аясында гимназияның жұмыстық оқу жоспарына жаңа курстар енгізілді. Бастауыш сатыда: «Балғын зерттеуші», 5-сыныптарда «Основы проектной деятельности», 6-сыныптарда «Ағылшын тіліндегі жобалық жұмыстар», 7-сыныптарда «Ақпараттық жобалар негіздері», 9-сыныптарда «Экологиялық жобалар негіздері», 10-сыныптарда «Өлкетану», 11-сыныптарда «Физика мен химиядан жобалау негіздері» мен 5-9-сыныптың білім алушыларына неміс пен француз тілдерінің жүргізілуі халықаралық бәсекеге сай. Сатылап жүргізілетін курстар гимназия жағдайында білім алатын оқушының іздену мен зерттеу жұмыстары арқылы шығармашылық қабілетін дамытып: біріншіден, оқушылардың ғылыми зерттеуге қызығушылығын арттырады, екіншіден, оқушылардың жан-жақты дамуына, еңбекке шығармашылықпен қарауға өмірлік және азаматтық көзқарастарын жетілдіреді, үшіншіден, зерт-

теу мәдениеті қалыптасқан коммуникативті құзіретті тұлға қалыптасады. 5-6 сыныптарда орыс, ағылшын тілдеріндегі жобалар «үш тұғырлы тіл» саясатын да жүзеге асырады. Информатика, химия, биология, физика пәндері CLIL технологиясы негізінде ағылшын тілінде оқыту барысында оқушыларымыздың дүниежүзілік ақпаратты алу пайызы өседі: 7-сынып – 20%, 8-сынып – 40%, 9-сынып – 70%, 10-11-сынып – 100%. Бұл қандай мүмкіндіктерге қол жеткізеді?

1. Ағылшын тілін кеңінен игеру;
2. Дүниежүзілік, халықаралық олимпиадаларға қатысу;
3. Әлемдегі ең үздік 100 университетке түсуге мүмкіндік береді.

Оқушылар гимназиядан тек білім ғана емес, тамаша тәлім-тәрбие де алады.



Жоғарыда айтып өткеніміздей, гимназияның толағай табыстарға жетуі кәсіби білікті, болашаққа бағдар жасай алатын білімді, тәжірибелі ұстаздардың қажырлы еңбегінің арқасында. Атап айтсақ, К. Бошамбекова, Қ. Мырзабекова, Г. Өтегенова, М. Қаспақов, Ж. Ерғалиева, Г. Мамырова, А. Маталиева, Н. Сеилбаева, З. Ахмедова, Н. Исраилов, Н. Тамабекова, Р. Жұматай, Г. Шалова, Р. Құрманбекова, Р. Кенжебекова, Г. Оразбаева, Ж. Бірғожаева, Ж. Мамырова, Р. Абдикаримова, Г. Назарова, Г. Тойшыбекова, Н. Балтабаева, Ж. Шотаева, Н. Құрманбаев, Б. Дауылбаева, С. Ділдебаев, А. Тойбеков сынды ұстаздардың еңбегін ерекше атауға болады.

Бөлінген кәсіпшілік арқылы оқу үдерісінде зерттеу жұмыстарын үздіксіз жүргізе алатын кәсіби құзыретті, жоғары білікті ұстаздардың еңбектері республика көлеміндегі байқауларда топ жарды. Атап айтсақ, Н. Сейілбаева республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалінде» III орынды, Қ. Дербисалиева, А.Тілеубай «Үздік авторлық» байқауында I,II орындарды, Б. Кеңесов VII физика, математика және информатика пәні мұғалімдеріне арналған Халықаралық олимпиадада II орынды, Н. Балтабаева, К. Шалова, «Үздік педагогикалық өнім-2020» байқауының «Үздік инновациялық технология» номинациясы бойынша I орынды, А. Рахманбердиева III орынды, Г. Мамырова «Үздік педагогикалық өнім-2020» байқауының «Үздік авторлық бағдарлама» II орынды, П. Наретова, А. Жанқоразова, П. Сандыбаева, Г. Бурханова бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған Республикалық «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасында III орынды иеленсе, Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесіне ұсынылып, математика пәнінің мұғалімі Ж. Ерғалиеваның «Қозғалысқа және жұмысқа байланысты мәселе есептерді шығару», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А. Маталиеваның «Оқылым дағдысын дамытуға арналған тапсырмалар» жинағы республика көлемінде, география пәнінің мұғалімі Р. Алманбетовтің жаратылыстану пәнінен 5-сыныптарға



арналған «Жиынтық бағалау тапсырмаларының жинағы», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Қ. Мырзабекованың, Р. Абдикаримованың, Ж. Бірғожаеваның 7,9-сыныптарға қазақ әдебиеті, қазақ тілі пәндерінен «Жиынтық бағалау тапсырмаларының» жинақтары жарық көріп, облыс көлемінде таратылды.

Оқушы жетістіктеріне келсек, Әбдешова Арайлым, Нұрғалиева Жанерке, Бейбіт Анель республикалық ғылыми жобалар байқауында жүлделі орындар иеленсе, Қабылбек Мади, Дүйсенбек Аймәри 1-7-сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» XV республикалық конкурсында жүлделі II орынды, «Бастау-2020» математикалық турнирде жүлделі командалық III орынды, «Кенгуру-математика барлығы үшін» халықаралық ойын-сайысы 255, Дарын орталығының Қазақстандық интернет олимпиадасы (КИО) 125, Дарын орталығы «Жас білімпаз» олимпиадасы 30, Дарын орталығының жалпы білім беретін пәндер бойынша онлайн олимпиадасы 20, А. Байтұрсынұлы атындағы IV Республикалық қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасы 4, «Ақбота» интеллектуалдық марафоны 243, «Русский медвежонок» ойын-конкурсы 81, British Bulldog ойын-конкурсы 92, «Адам және табиғат»

интеллектуалдық конкурсы 128, «Золотое руно» конкурстарында 5 оқушы жүлделі орындарды иеленді.

Гимназияны тек басқарып қана қоймай, нәтижеге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыруда, ұжым жұмысын өзгеге таныстыруда, қала, облыс, республика көлемінде тәжірибе таратуда тынымсыз еңбектену үстінде. «Үйрете отырып, үйрену ғана жемісін береді», - деп Б. Момышұлы айтқандай, гимназия педагогтері мынау тез өзгермелі заманда бір-бірін үйрете, білгенімен бөлісе отырып, әлі де талай биіктерді бағындырары сөзсіз.

**Ф. С. ШОРТАНБЕКОВА,**  
**Тараз қаласындағы**  
**Б. Момышұлы атындағы**  
**№ 45 қазақ классикалық**  
**гимназиясының директоры**

## АННОТАЦИЯ

Статья о том, что в результате совместной работы руководителей и педагогического коллектива гимназии в единых целях, в единых интересах гимназия всегда была на высоте, о работе коллектива, ориентированной на результат, о воспитательной работе с учащимися и процессе формирования у них исследовательской культуры.